

Д.С. Жақан

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: zhaxan24@mail.ru.

ORCID: 0000-0002-4200-879

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ФОЛЬКЛОР ЖАЙЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Алаш мұрасына қатысты түрлі ғылым саласында жазылған зерттеулерді зерделей отырып, Алаш қайраткерлерінің қазақ фольклорын жинау, жариялау, зерттеуді ана тілін сақтау мен ұлттық бірегейлік дәрежесіне жетудің маңызды құралы ретінде бағалаған ортақ ұстанымдары алғаш рет кешенді түрде жан-жақты қарастырылды. Сонымен бірге жаңа қоғамдық даму процесіндегі қазақтың көшпелі өмір салтынан туындайтын рухани мәдениеттің төлтумалық сипатын жоғалтпау мен жаңғыртудың жолын ұсынған алғашқы ой-пікірлері ғылыми тұрғыдан сараланды. Алаш зиялыларының халық мұрасына қатысты өз кезеңіндегі барлық көзқарастарды сын тезінен өткізіп, әрбір халықтың фольклорын өзінің төл тарихымен тамырлас туындап дамитын, өзгертін жанды құбылыс ретінде тану, фольклорлық үлгілерді саралау мен жинау, жариялау, зерттеу, оқыту, аудару мәселесіне қатысты ой-пікірлері бүгінгі ғылым талаптары тұрғысынан талданып, қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу тарихындағы маңыздылығына мән берілді. Мақалада Алаш қаламгерлерінің фольклорды шығармашылықпен игерудің алғашқы үлгілерін танытқан көркем шығармаларындағы шеберлігі мен ерекшелігіне қатысты да ой-тұжырымдар түйінделді. XX ғасыр басындағы түрлі тарихи, қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгерісі мен түрлі шектеудің өріс алуына қарамастан, Алаш қайраткерлерінің ұлт мұрасына қатысты істерді үздіксіз іске асырудың жолдарын қарастырған қызметтері де қамтылды. Сондықтан да зерттеу нысаны ретінде олардың әр алуан ғылым салаларына арналған еңбектерімен бірге түрлі басылым беттеріндегі (газет-журнал, жарыссөз т.б.) және әрқилы тақырыптар аясындағы халық мұрасына қатысты айтылған ой-пікірлері назарға алынды. Алаш зиялыларының әрбір ұлт фольклорының жалпыадамзаттық құндылықтар аясындағы орны мен мәні жайындағы алғашқы еркін, азат ғылыми ой-пікірлері бүгінгі жаһандану үрдісіндегі қазақ руханиятының өзекті мәселелерімен сабақтас қарастырылып, маңызы айқындалды.

Алғыс: Ғылыми мақала (AP14870833) «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» гранттық жоба аясында жазылды.

Кілт сөздер: Алаш, фольклор, руханият, әдебиет, тарих, жаңғыру.

Д.С. Жақан

Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,

Алматы, Казахстан

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

Научные размышления деятелей Алаш о национальном фольклоре

Аннотация. В статье впервые были всесторонне рассмотрены общие позиции деятелей Алаш, которые оценивали сбор, публикацию казахского фольклора, изучение как важнейшее средство сохранения родного языка и достижения степени национальной идентичности, изучив исследования, написанные в различных

областях науки, касающихся наследия Алаш. Вместе с тем, в процессе нового общественного развития были научно дифференцированы первые идеи, предложившие путь не утраты и модернизации нравственного характера духовной культуры, вытекающей из кочевой жизни казахов. Мнения интеллигенции Алаш по вопросу признания фольклора каждого народа как живого явления, развивающегося, меняющегося, происходящего с его родной историей, дифференциации и сбора, публикации, изучения, обучения, перевода фольклорных образцов проанализированы с позиций современных требований науки, было осмыслено его значимость в истории становления казахской фольклористической науки. В статье были резюмированы размышления, касающиеся мастерства и специфики писателей Алаш в художественных произведениях, демонстрирующих первые образцы творческого освоения фольклора. Несмотря на изменение различных исторических, общественно-политических условий и усиление различных ограничений начала XX века, деятельность деятелей Алаш предусматривала пути непрерывной реализации дел, касающихся национального наследия. Поэтому в качестве объекта исследования были приняты во внимание их размышления о народном наследии на страницах различных изданий (газеты, журналы, прения и т.д.), а также работы, посвященные различным областям науки. Первые независимые научные размышления интеллигенции Алаш о месте и значении фольклора каждой нации в контексте общечеловеческих ценностей были тщательно рассмотрены и определены значения актуальных проблем казахской духовности в современном глобализирующемся процессе.

Благодарность: Научная статья (AP14870833) написана в рамках грантового проекта «Деятели Алаш и национальный фольклор».

Ключевые слова: Алаш, фольклор, духовность, литература, история, возрождение.

D.S. Zhakan

M.O. Auezov Institute of Literature and Art,

Almaty, Kazakhstan

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

Scientific reflections of Alash figures on national folklore

Abstract. The article for the first time comprehensively examined the general positions of Alash figures, who assessed the collection and publication of Kazakh folklore, study as the most important means of preserving the native language and achieving a degree of national identity, having studied studies written in various fields of science concerning the Alash heritage. At the same time, in the process of new social development, the first ideas were scientifically differentiated, proposing a way not to lose and modernize the moral character of the spiritual culture arising from the nomadic life of the Kazakhs. The opinions of the Alash intelligentsia on the issue of recognizing the folklore of each nation as a living phenomenon, developing, changing, taking place with its native history, differentiation and collection, publication, study, training, translation of folklore samples were analyzed from the standpoint of modern requirements of science, its significance in the history of formation was comprehended by Kazakh folklore science. The article summarized thoughts regarding the skill and specificity of Alash writers in works of art, that demonstrate the first examples of creative development of folklore. Despite the changes in various historical, socio-political conditions and the strengthening of various restrictions at the beginning of the 20th century, the activities of Alash figures provided ways for the continuous implementation of matters relating to the national heritage. Therefore, their reflections on the folk heritage on the pages of various publications (newspapers, magazines, debates, etc.), as well as works devoted to various fields of science, were taken into account as the object of study. The first independent scientific reflections of the Alash intelligentsia on the place and significance of the folklore of each nation in the context of universal human values were carefully examined and the meaning of current problems of Kazakh spirituality in the modern globalizing process was determined.

Acknowledgment: The scientific article (AP14870833) was written within the framework of the grant project «Alash Figures and National Folklore».

Keywords: Alash, folklore, spirituality, literature, history, revival.

1. Кіріспе

Зерттеудің негізгі өзегі болып отырған ХХ басындағы төл фольклорымызды ғылыми зерделеу ісінің көш басында алаш зиялыларының аталуы заңдылық. Өйткені олардың қай-қайсы да дала мәдениетінің қаймағы бұзылмаған дәуірдегі қазақ отбасы құндылықтарының құндағында дүниеге келіп, тәрбиеленді. Кейіннен заманынан озған білім алып, қандай лауазым иеленсе де өз жұртының ғасырлардан жеткен құндылықтарын ұлттың өзіндік болмыс-бітімін сақтаудың бірден бір маңызды жолы дейтін бірауызды пікір ұстанды. Алаш қайраткерлері өзіне дейінгі барлық еңбектерге құрметпен қарап, оны дереккөз ретінде пайдалана отырып, халық мұрасын жинау, жариялау, зерттеудің әдісін жаңартып, деңгейін көтерді.

Басты мақсаттары – қазақтың ежелден қалыптасқан бай рухани мәдениеті бар бірдей халық екендігін дәлелдеу болды.

Ұлт жанашырлары өз заманының беталысын жан-жақты зерделей отырып, халық мұрасына төнген қауіпті сезініп, алдын-алуға тырысып, тынбай қызмет етті. Әрине олар халықтың ауызша мұрасының барлығын бірдей құнды деп есептейтін біржақты көзқарасты емес, халық мұрасының пайда болу, даму, өзгеру заңдылықтарын саралай білген жанашыл ой-иелері болды.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі мәдени өзгерістерден мол хабардар әлеуетті топ отаршылдықтың ұлт мәдениетіне тигізетін келеңсіз ықпалының зардабы болатындығын жан-жүректерімен сезінген.

Алаш қайраткерлерінің араласпаған саласы жоқ, оны әртүрлі ғылым мамандары әр тараптан тексеріп талдайды, біздің мақсат: олардың қазақ фольклорын қай дәрежеде түсініп, бағалады және оның әрі қарай сақталуы мен дамуын қамтамасыз ету үшін қандай бағыт ұстанды, сол жолда атқарған істерінің бүгінгі күні қандай маңызы бар деген мәселелерге ғылыми талдау болып табылады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада алаш зиялыларының қазақ фольклортану ғылымын қалыптастырудағы орнын айқындау мақсатында алаш мұрасына қатысты зерттеу еңбектерді жинақтау, салыстыру, жүйелеу мен тарихи-функционалдық, құндылық-интерпретациялық, құрылымдық талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеудің құрылымы ХХ ғасыр басындағы қазақ руханиятының жай-күйін әр түрлі аспектіде сөз еткен еңбектермен, «алаш», «алашорда» ұғымдарының тарихи мәнін ғылыми тұрғыдан зерделеген ғалымдардың тәуелсіздіктен бері қалыптасқан ортақ ғылыми ой-танымдарынан тұрады.

Мақаланың зерттеу объектісі ретінде – алаш қайраткерлерінің фольклорды жинау, жариялау, зерттеуге және жалпы қазақ руханиятына қатысты ортақ ұстанымдары көрініс табатын шағын және көлемді еңбектерімен қатар, ХХ ғасыр басындағы қазақ тілінде жарық көрген газет-журнал беттеріндегі ой-тұжырымдары, ұсыныс, пікірлері алынды. Алаш зиялыларының ұлттық фольклорға қатысты еңбектерінің құндылығын ашу үшін алаш мұрасын әр түрлі ғылым саласына қатысты қарастырған қазақ ғалымдарының еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар назарға алынды. Сонымен

қатар 2017 жылы фольклортану бөлімі дайындаған «Қазақ фольклортануының тарихы: ХҮІІІ – ХХІ ғасырдың басы» атты ұжымдық монографиясының «Отандық фольклортанудың бастауы «ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар, 1900-1917 жылдар» атты бірінші тарауындағы қоғамдық дамудың әр кезеңіндегі ұлт руханиятының деңгейін саралаған пікірлер қамтылды. Және ұжымдық монографиядағы алаш арыстарының фольклорға қатысты бүгінгі ғылым талаптары деңгейінде дәйектелген ой қорытындылары арқылы ұлттық фольклортану ғылымын қалыптастырудағы орнын айқындаған ой-толғамдар жаңаша ізденістермен толықтырылып, дамытылды.

3. Талқылануы

Әлемдік фольклортану ғылымының тәжірибесіне сүйене отырып, фольклордың жалпы заңдылықтарымен қатар оның жеке жанрларының генезисі мен поэтикасын ғылыми зерделеу дәрежесіне дейін жеткен бүгінгі қазақ фольклортану ғылымының тарихында Алаш қайраткерлерінің фольклорға қатысты атқарған істерінің мәні өте зор.

Ұсынылып отырған мақалада көрнекті алаш қайраткерлерінің сан-салалы істердің қатарында іске асырса да қазақ фольклорының өзекті мәселелерін өз дәуірінен озық өреде бағалап, зерделей білген ой-тұжырымдарының ғылыми мәніне баса назар аударылды.

Алаш зиялыларының фольклорды ауыз әдебиеті деп қана қарамай, әрбір халықтың фольклорын сол халықтың төл тарихы, таным-түсінігі, бүкіл болмысымен біте қайнасып жатқан жанды құбылыс ретінде бағалап, барлық ісіне темірқазық етіп алуының өзі де аса бағалы ұстаным. Бұл тек қазақ фольклортану ғылымының жүріп өткен тарихи жолы ғана емес, бүгінгі әлемдік фольклортану ғылымында көрініс тауып отырған фольклорды сөз өнерімен қоса салт-дәстүр, халық өнерінің музыка, қолданбалы өнер, халық ойындары, этнография т.б. ғылым салаларымен біртұтастықта алып қарайтын көзқарастармен сабақтас озық идея болатын. Көшпелі өмір салтынан туындаған қазақтың ауызша мәдениетінің табиғатын терең танып, жаңа қоғамдық үдеріс процесінде оны сақтау мен дамытуды қазақи қалыпты жоғалтпаудың бірден-бір құралы ретінде бағалауда алаш зиялылары ортақ пікірде болды.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан «Қазақ тарихы» деген айдармен жарияланған тізбекті мақаласында: «...Біздің қазақ өзінің атынан айрылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениетін» (Казахская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиетін» (Казахская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы». (Бөкейханов,1922) – деп тұжырымдаған. Ұлт жанашырларының қазақтың басқа халықтардан, соның ішінде, туыстас түркі халықтарынан да ерекшеленетін өзіндік мәдени мұрасы бар халық екендігін дәлелдеуді мақсат еткен осы мәндес ғылыми тұжырымдары кезінде отарлаушы жұртқа қатысты ғана түсінілгендіктен, жазықсыз жазғырылып, айыпталған.

Елдің ауызша мәдениетін елдің тарихымен сабақтастыра қарастырудың маңыздылығы жайлы Ә.Бөкейхан: «Қазақта бұл күнге дейін жазылған тарих жоқ.

Тарих ауыздан ауызға көшіп жүр» (Бөкейхан, 1995: 323-333) – дейтін пікірі арқылы тұжырымдады. Шежіре жанрының қазақ тарихы мен руханиятындағы маңызына мән беріп, оны жинауға мұрындық болып қана қоймай, сол тұста жазылған шежірелерді талдап, баға берген. Соның ішінде Шәкәрім шежіресін талдауында фольклорлық шындық пен тарихи шындықтың аражігін ажырата білген. Бұл мақаласының кейбір даулы тұстары болғанымен, сол тұстағы шежіренің халық өміріндегі маңызын танытқан пікірлерінің бағалы тұстары мол. Ел дәстүрінің қаймағы бұзылмаған ортасында дүниеге келіп тәрбиеленген Ә.Бөкейханның Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз Һәм хандар шежіресі» дейтін еңбегіндегі қазақ даласында дүниеден қайтқан кісіге тұрғызылған бейіттердің рулық белгілерінің мәніне қатысты терең талдаулары және жазу мәдениеті әлі толық қалыптаспаған көшпелі елдің шежіресін хатқа түсірген Шәкәрім еңбегіне берілген бағасы мен Адай руының тұрмысы мен салты, тарихы жайлы айтқан бірқатар ой-топшылауларының да бүгінгі шежіре жанрын зерттеушілерге ой түрткі боларлық маңызды тұстары жетерлік.

Ә.Бөкейханның қазақ фольклорына қатысты еңбектерінің ішінде «Туземец» деген бүркеншік атпен «Туркестанские ведомости» (№5, 208-209) басылымында жарияланған «Женщина по киргизкой былине Кобыланды» атты мақаласы фольклордың жеке бір жанрының, соның ішінде эпос жанрының тарихпен байланысы, эпос кейіпкерлерінің генезисі мен даму, өзгеру жолы, жырдағы түрлі танымдардың тоғысы жөніндегі терең тұжырымдары күні бүгінге дейін бағалы құндылыққа ие. Бірақ ұлттық идеология тұмшаланған тұстарда бұл мақала басқа авторларға телініп, қате тізімге ілінген. Мысалы, 1969 жылы В.М.Сидельниковтың «Библиографиялық көрсеткішінде» (Сидельников, 1969: 72) бұл мақаланың авторы Ә.Диваев деп көрсетілген.

Тек академик С.А.Қасқабасов 1988 жылы жарық көрген «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұжымдық монографияда цензурадан өту үшін «авторы белгісіз шығарма» деген атпен беріп (Қасқабасов, 1988: 139-144), алғаш рет мақаланың фольклортану ғылымындағы маңызын жан-жақты талдаған.

Академик ғалымның тұжырымынша: «Қазақ әйелінің тағдырын оның фольклордағы бейнесі арқылы сөз қылу – сол кезеңдегі ғылым үшін үлкен табыс» (Қасқабасов, 1988: 141). Шынында да басқа мамандық иесі бола тұра әрі қым-қуат жауапты істердің бел ортасында жүрсе де эпостың тарихилығы мен эпостағы көне шамандық, мұсылмандық ұғымдардың эпос табиғатындағы орны, фольклор жанрларының табиғатына тән лиризм мен тарихилық мәселесі, эпос кейіпкерлерінің болмысын тарихи сана мен дамудың өлшемінде тексеріп, ғылыми тұжырымдар түйіндеуі мақала авторының қазақ тұрмысы мен мәдениетін жетік білумен қатар, сол кездің өзінде ғылыми тәжірибесі қалыптасқан елдердің зерттеу тәсілін меңгерген жоғары ғылыми біліктілігін танытады.

Әдебиеттанушы ғалым Г.Орда: «Ауыз әдебиетінде қалыптасқан әйел-аналардың бейнесі ұлттық әдебиеттің әр дәуірінде жалғасын тапса, кеңестік дәуір тұсындағы қоғамдық өзгерістермен бірге олар да трансформацияланды. XX ғасыр басындағы әдебиетте әйел теңдігі – негізгі тақырыптардың біріне айналды» (Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, 2021: 653-668) – деп, атап көрсеткендей, бұл тақырып сол кезеңде кең ауқымда талқыланған тақырып болды.

Ұлт көсемі талданып отырған осы мақаласы арқылы сол кезеңдерде орынды, орынсыз сөз болып жатқан әйел теңдігі мәселесіне қатысты өз ұстанымын қазақтың төл мұрасындағы ғасырлар бойғы халықтың әйелге деген көзқарасы арқылы таныта білген деуге болады. Әлихан «Түземец» деген жасырын атпен жаза отырып, әрі ол кезеңдегі халық мұрасын таптық тұрғыдан бағалайтын әдіске де мойынұсынбай, оны ғылыми тереңдікпен айналып өткен. Халық тұрмысымен тамырлас фольклор табиғатын ғылыми тұрғыдан тану мен танытудың өзіндік заңдылығы бар жүйе екендігін жырдағы нақтылы әйел бейнесі арқылы жеткізе білген.

Ә.Бөкейханның «Қобыланды» жырының мән-маңызын жан-жақты ашуды көздегені «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 126-129 сандарында жарияланған «Қара Қыпшақ Қобыланды» атты сын-мақаласындағы осы жырдың мазмұнын келтіре отырып, эпостың төл табиғатын дөп басып танып, оған кейіннен қосылған жасанды сарындардың да бар екендігіне назар аудартқан пікірлерінен де байқалады. Осы мақалада жырдағы кейіпкерлер мен жырдың өзінің пайда болуы жайында халық шежіресі мен түрлі тарихи деректерге сүйене отырып бірде нақты, бірде болжам тұрғысында пікірлер түйіндесе, эпостағы тарихилық пен эпосты айтушы тұлғасы, жырдағы әйел бейнесінің мән-маңызы жайындағы эпос поэтикасының аса маңызды мәселелеріне қатысты пікірлерінде кейінгі талдауларда жетілдіруге негіз боларлық құнды тұжырымдар бар. Яғни «Мақалада қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілген» (Қасқабасов, 1988: 138).

Сондай-ақ, ұлт көсемінің әрбір жарық көрген қазақ кітабының безендірілу мәселесіне ыждаһаттылықпен зер салып, орынды сындар айта білгендігі көрінеді. Әсіресе фольклорлық басылымды безендірудегі ішкі мазмұнымен, ұлттық болмыс ерекшелігінің есте ұсталуын басты шарт деп есептейді. Мысалы, «Қобыланды» кітабының сыртқы безендірілуіндегі суретке көңілі толмай, онда салынған аттың суретінде «сымдай созылатын қазанат – Тайбурыл емес, орыстың «тяжеловоз» дейтін жүк аты» – бейнеленгендігі, тіпті Қобыландының суретінің өзі де дәстүрлі эпикалық батырдың тұлғасынан гөрі, орыс халқы эпосының батырларына көбірек ұқсап кеткенін айта келе: «Бұны басқан басқарма адасқан. Бұл – ұят» – деп ашық сынайды (Бөкейхан, 1995: 217).

Мәдениеті озық елдердің кітап бастыру ісінен хабары мол зерделі азамат эпикалық мұраның алғашқы басылымының мейлінше биік мәдениетпен басылуы өз жұрты үшін ғана емес, қазақ мұрасын өзгеге танытудың маңызды құралы әрі өзінен кейінгі басылымдарға үлгі боларлық тәжірибе болуы керек деп есептегендіктен, кітаптың ішкі, сыртқы үйлесімділігін жан-жақты тәтпіштей отырып талдаған. Мәселен, жырдағы жер-су аттарын әліппімен тізіп беруді талап етуінің өзі бүгінгі дейін жалғасқан басылымдық мәдениет үлгісі. Яғни Ә.Бөкейханның бұл мақаласында ұлттық мұраны жариялау, зерттеу және басып шығарудың өзекті мәселелері ғылыми тұрғыдан көтерілген деп тұжырымдауға болады.

Қазақ даласын аралаған Ф.Щербина бастаған экспедиция құрамында болған Ә.Бөкейханның нақтылы дерек, мәліметтермен қатар қазақтың «қастерлілік» (киелілік) ұғымына байланысты аңыз әңгімелеріне мән беріп, талдап, түсіндіруі ел аузындағы аңыздарды жетік білетіндігін көрсетеді. Мысалы, «Қалмақ қырған»,

«Жасыбай көлі», сияқты топономикалық аңыздардың ел арасында кең таралып, сақталғандығына мән берген (Бөкейхан, 2017: 116).

Әлиханның киелі жерлерге қатысты пікірлері қазақтың мекен еткен жеріне ат қоға шеберлігін жоғары бағалай отырып, «жер-суға қатысты халықтық атауларды ел тарихынның дерегі ретінде пайдалану керек» (Тынышбаев, 2010: 122), – деп тұжырымдаған М. Тынышбаев пікірімен үндесіп жатыр.

Ә.Бөкейхан 1923 жылы Мәскеуде шыққан «Ер Тарғын» жырының Марабай жырлаған бөлімдерін жазып алып қара сөзбен жазылған бөлімдерін қысқартып, өлеңдетіп, түсініктерін жазып «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен ұсынса, 1924 жылы «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырын В.В.Радловтан алып, өңдеп, баспаға дайындаған.

Қанша қуғын көріп, абақты мен айдауды басынан кешіргенімен, «Алаштың ұлтты жаңғырту мен жаңаша серпілту ісінің бас иесі болған» (Кемеңгерұлы, 1996: 67) Әлихан Бөкейханның фольклорлық мұраға да осылай ыждаһаттылықпен үңіліп, заманындағы мұраға қатысты өзекті мәселелеріне белсене араласуы қоғамдық қызметімен өзектесіп жатыр.

Ал А.Байтұрсыновтың фольклорлық жанрларды жіктеу, фольклор жанрларының салтқа қатысына қарай топтау және ұлттың өз таным-түсінігіне сай атау қалыптастыруда, ана тілінің мол байлығын ғылыми терминге айналдыру ісінде қазақ фольклортану ғылымының тарихында ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасы айқын. ХХ ғасыр басындағы ұлттық ғылымның дәрежесі тұрғысынан қарағанда, зерттеушінің фольклорды көшпелі тіршілік кешкен халықтың тұрмыс-салты мен ой-санасы, дүниетанымы тұрғысынан тұтас алып тексергендігі жанрлық жіктеуіндегі «сауықтама» «зауық сөзі» «қалып сөзі» т.б. ұғымдардан көрінеді.

Фольклордың әрбір жанрының пайда болу, даму тарихы елдің төл табиғатымен тектес құндылық екендігін фольклорға қатысты әрбір еңбегінде темірқазық етіп ұстанған. Мәселен 1923 жылы Мәскеудің Күншығыс баспасынан шыққан «23» Жоқтау – отбасылық ғұрып фольклорының күрделі жанрын негіз еткен, халықтың тұрмыс-салты мен дүниеден өткендерге құрмет мәдениетін айғақтайтын, қазақтың мол тілдік байлығын танытатын тағлымды жинақ. Халық мұрасын жинап, жариялаудың алғашқы тәжірибелерін қалыптастыра отырып, ұлт зиялылары оны ана тілін сақтаудың бірден-бір жолы дейтін көзқарасты қуаттады. Мәселен, осы жинақтың алғысөзінде А.Байтұрсынов: «Ел аузындағы тіл дегенімізде нені үлгі өрнек етіп аламыз? Әрине осындай жоқтауларды, жұмбақтарды, ертегілерді, тағы осындайларды» (Байтұрсынұлы, 2013: 76) – деп көрсетеді.

А.Байтұрсыновтың қазақтың ауызша әдебиетіндегі батырларды идеалға айналдырудағы халық қиялынан қосылған қоспаларды дәйектейтін тұстары тереңдей талдай түсуді қажет етеді.

Ғалымның ғұрыптық фольклорға қатысты тұжырымдарының құнды тұстары наным-сенімдер ғұрпын зерттеген кейінгі зерттеулерде негізге алынып, сараланып, теориялық тұрғыдан тереңдетілді.

Ұрпақ тәрбиесінде дәстүрлі отбасылық құндылықтардың мән-маңызы жайында Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде жан-жақты қамтылған. Әр

ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет ететін тұлға болып қалыптасу үшін алдымен, сол ұлттың тәрбиесін алуының маңыздылығын айта отырып, Мағжан дәстүрлі тәрбиенің өзі қоғам дамуына қарай өзгеріс табатын процесс екендігін ғылыми зерделеп, дәстүрлі тәрбиенің негізгі құндылығын саралап танып, сақтай отырып, әрі қарай дамыту әрбір өскелең ұрпақтың міндеті деп тұжырымдаған (Жұмабаев, 1992: 160).

Мағжан ұғымындағы ұлттық тәрбиенің мазмұны: өз халқының тілін, тарихын, мәдениетін жетік білу, көшпелі қазақ тұрмысынан туған өзіндік болмысының отырықшы мәдениеттегі елдер тәрбиесінен ерекшелігін сезіне білу. Мағжанның ұлттық оқулықтарға қатысты ұстанымдары мен фольклорлық жинақтарға жазған сын-пікірлерінде осы көзқарас айқын танылады.

Мағжанның 1923 жылы 5-мамырда Тәшкенде жариялаған «Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын, жол шарасын суреттеген Нәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программа» (Ақжол, 11том: 21-26) атты бағдарламасында қазақ фольклорындағы барлық ғұрып фольклорының (маусымдық-салттық, наным-сенімдік, отбасылық) жанрлары түгелге жуық аталып, халықтық заң мен 1916 жылғы тарихи өлеңдерге дейін қамтылған. Жиналған материалдардың сұрыпталып, баспаға жіберілетіндігін ескерте отырып, «жинаушылар, жазушылар, таза қазақ-қырғыз тұрмысынан жинауға тырыссын» деп талап қойылған. Бұрынғы мұраларды жинау – әрбір қазақ азаматына «күндей ашық» борыш екендігін ескерткен.

«Жажеке» деген бүркеншік атпен «Ақжол» газетінде жариялаған «Жеті батыр» атты мақаласында Түркістанның қазақ-қырғыз білім комиссиясы Түркістанның баспасөз мекемесі арқылы этнограф Әбубәкір Диваев материалдарынан сұрыптап, бастырып шығарған: Қобыланды батыр; Нәрікұлы Шора; Бекет батыр; Қамбар батыр; Шора батыр, Алпамыс батыр, Мырза Едіге батыр жырларының басылымына рецензия сипатында ерекше баға бере отырып, «Жеті батыр» жырының заманның тарлығына қарамастан, сұлу басылғандығын атап көрсетіп, кітаптардың сыртындағы суреті мен оның ішкі мазмұнының үйлесімділігіне қатысты пікір білдірген. Осы жарық көрген жырлардың әрқайсын болашақта талдап жазуды мақсат етіп, оны өзіне борыш санауында эпикалық мұраның мән-маңызына жете мән бергендігі көрінеді. Бірақ ол мақсатына жете алмағаны белгілі.

Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің берік негізі бұрынғы халықтық мұрада жатқандығын жете түсінгендігі Мағжанның: «Бұрынғы әдебиетімізде еліміздің жүз жылдар, мың жылдар бойы жүрген жолы, көксеген идеалы, сол идеал жолында көрсеткен ерлігі, шеккен зары, төккен жасы, қысқасы еліміздің өткен өмірі таста басылғандай өлең болып өлшеніп, жыр болып құйылып қалған. Қазақ елінің өткен заманда кім болғанын білу үшін оның осы күнгі түріне қарау керек емес. Аузындағы жырына қарау керек» (Ақжол: 9 том. 207) – дейтін тұжырымдарында көрініс тапқан. Өзі де бүкіл шығармашылығында осы идеяны ұстанды. Тіпті ол әлем әдебиетінен үйренуде осыны темірқазық еткендігі көрінеді. Өйткені ол жайында ешбір әдебиеттің еліктеуден құтылмайтындығын айта келе, қанша еліктеп, үйренсе де «әрбір елдің әдебиетінің сол елдің жанына үйлесетін негізде іске асуы» керектігін өзі айтып әрі оның соны үлгісін өзі көрсете білген.

Сөз болып отырған кезеңдегі еңбектерде қазақ фольклорын туыстас түркі халықтарымен салыстыра зерттеуге ұмтылыс байқалады. Мысалы, Мағжанның

«Қырғыздың ауыз әдебиеті» деген мақаласында В.В.Радловтың қазақ пен қырғыз фольклорына қатысты еңбектерімен жете таныстығы көрінеді. Қырғыздың «Манас», «Семетей» «Сейтек» сынды эпостық мұраларын биік бағалай келе, Мағжан Еуропадан сабақ алған қырғыз азаматының Иллиада жырын аузының суы құрып тамсана мақтап, жаттағанын дұрыс көргенімен, өз жұртының сол «Иллиада» тектес мұрасы «Манастың» парқын тани білмегендігіне сын тағады. Қырғыздың ұлы эпопеясын дер кезінде жинап алудың маңыздылығына мән беріп, ол істі атқарып жүрген өзге ұлт өкілдерінің кемшілігіне қарамастан, оңды әрекет деп баға береді. Қазақ ғалымдарының туысқан қырғыз халқының ұлы мұрасына деген осы жанашырлығы кейін М. Әуезов, Ә.Марғұланның іргелі еңбектерінде ғылыми тұрғыдан тереңдетілгені белгілі.

«Ел әдебиетімен таныспайынша өткеннің көбін де, бардың жарымын да табу қиын» (Досмұхамедұлы, 2002) – деп тұжырымдаған Х.Досмұхамедұлының «Аламан» жинағында ауызша таралған фольклор үлгілері кеңінен қамтылған деуге болады. Ғалым Б.У.Әзібаева Х.Досмұхамедұлының фольклортануға қатысты еңбектерін 1) халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, хатқа түсіру; 2) фольклорлық мәтіндерді баспа бетіне шығару; 3) фольклорлық мұраларды зерттеу (Әзібаева, 2017: 221) – деп, үш үлкен салаға бөліп қарастырып, аталған салаларға қатысты Х.Досмұхамедұлының сіңірген еңбегін қазіргі фольклортану ғылымы деңгейінде нақтылы мысалдар мен дәйектер тұрғысынан жан-жақты зерделей отырып, фольклордың табиғатына тән негізгі мәнді түрлерін ажырата білу мен фольклордың тектік өлшемдерін, фольклордағы «авторлық» мәселесі жайында, фольклордың дамып, сақталуындағы ақын, жыршылар ролі туралы тұжырымдарына қатысты талдаулар жасаған. Әсіресе Х. Досмұхамедұлының фольклорлық үлгілерді жариялау ісіндегі кәсібилігін дәлелдей келе, оның сол кезеңдегі мән-маңызын жан-жақты ашып көрсетеді. Сонымен қатар оның 1928 жылы орыс тілінде шыққан «Казахская народная литература. Краткий очерк» (Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк) атты орыс тілінде шыққан еңбегі жайында: «... төл фольклорымызды жүйелі түрде қарастырудың келесі сатысы, өзіне дейінгі еңбектердің заңды, логикалық жалғасы» деп баға береді (Әзібаева, 2017: 232).

Алаш зиялыларының фольклорды жинап, бастыру мен зерттеу ісінде халық мұрасын орыс тілінде бастыру арқылы Одақ жұртына танытуда да ізашар істер атқарылды. Бұның өзі де арнайы қарастыруды қажет ететін маңызды әрі күрделі мәселе.

Мәселен, жырды аудармашының қалай аударғаны мен жырдың өте ерте замандарда шыққандығын тұжырымдайтын Ш.Жансүгіровтың кіріспе мақаласымен 1935 жылы басылған жинақта Г.Н.Тверитиннің еркін аудармасымен «Песнь о Козы Корпеше и Баян слу» жыры жарық көрсе, сол тұстағы С.Сейфуллиннің «Ер Сайын», «Ер Тарғын», «Қобыланды» жырларының аудармасына қатысты сын пікірлерінде түпнұсқа мен аудармадағы үйлесім мен алшақтық мәселелеріне қатысты орынды сыни пікірлер айтылған. Қазақ фольклортану ғылымында бүгінге дейін өзекті болып табылатын аударма мәселесіндегі ұлт зиялыларының өзге жұрттың тілін жетік меңгеру дәрежесі мен биік ғылыми өресін танытатын төл фольклордың мұндай аударма үлгілілері арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті тақырып.

Алаш қаламгерлері өздерінің көркем шығармаларында да жаңа заманға тән кейіпкер сомдау мен оқиғаны беруде фольклор поэтикасының мол байлығын шығармашылықпен пайдаланудың үлгісін көрсете білді. «Талайлар ұмытылып қалды деп өкінгенімен, әлі де болса ауызша аман қалған әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық» (Жұмабаев, 1989: 36) – дейтін Мағжан пікірі осыны айғақтайды.

Бұл тұрғыда Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы және «Күнікейдің жазығы» повесі мен «Әнші» әңгімесі, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» мен «Қорқыт» поэмасындағы, С.Сейфуллиннің «Көкшетау», «Аққудың айырылысуы» поэмасы мен І.Жансүгіровтің «Күй», «Күйші» «Дала» поэмаларындағы фольклорлық сана, фольклорлық поэтика мәселерін айқындап, фольклорды шығармашылықпен игерудегі әрбір автордың өзіндік өрнегін ғылыми зерделеу де салмақты зерттеуге жүк боларлық құндылыққа ие.

Ал осы алаш аманатын жаңа заманға жеткізіп қана қоймай ұланғайыр еңбегімен терендетіп, әлемге танытқан М.Әуезовтің фольклорға қатысты еңбегі жайында біршама қарастырылғанымен, ғылым үшін ашылмаған қырлары қазіргі заманғы фольклортану ғылымының заңдылығымен әлі де жан-жақты қарастырылу үстінде.

Өткен ғасыр басындағы фольклорға қатысты материалдар сол кезеңдегі «Қазақ», «Айқап», «Ақжол», «Таң» т.б. сияқты кең таралған басылымдарда түрлі тақырыптармен қатар жарияланып отырды.

Яғни «Елдің санасын оятуда «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарық көрген барлық әдеби мұраларымыздың да өзіндік ықпалы зор болды» (Әбдіқалық, 2022: 99).

Ұлт көсемі Әлиханнның өзі бас болып, қоғамдағы түрлі саяси қысымның қыспағынан тосылмай ұлтқа қызмет етудің әр алуан жолын ойластырып отырғандығы: «Не балаларға сабақ беріп, не жорналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой» – дейтін ойларынан қайраткерлердің бастапқы мақсаттан танбай ұлт ісі үшін табандылық танытқандығы танылады.

Жоғарыда талданған Қобыланды жырына қатысты Әлиханнның, т.б. мақалалары «Қазақ» газеті арқылы тарап, сақталып кейінгі зерттеулерге негіз болып отыр. Аталмыш газеттің ұлт руханиятындағы орны жайында республикалық, әлемдік деңгейде жарық көрген ғылыми еңбектер мен мақалаларда жоғары ғылыми баға берілген (Алмасбек А. Absadyk a 2006. 17(3): 1470-1481).

1924 жылдың 17 қазанында «Ақжол» газетінде жарияланған «Қазақ ескі сөзін сүюші азаматтарға» дейтін арнау хатта: «Бұрынғы түрік қауымдарының ескі тұрмыс қалпы, тіршілік шарты өзгертіліп, ескі сөзден тап-таза айырылып қалған. Оны бұлжытпай сақтап қалған ел қазақ еді» – дей отырып, ендігі жерде осы хал қазаққа да келді, қайтпек керек? деген сұрақ қойып, оның басты жолы ел ішіндегі фольклор ел аузындағы мақал-мәтелден бастап, көлемді дүниелерге дейін жинап, «Ақжол» газетіне жіберіп тұруын өтініп, оны реттеп бастыру шарасын ұйымдастырған хаттар жарияланып отырған (Ақжол, 2015: 28-29).

Осы басылымда жарияланған «Қазақша ай аттары» (Ақжол, 7 том: 47-48) – атты мақалада қазақта бұрынғы істің, бұрынғы сөздің жүзден оны-ақ қалған болса,

шүкірлік қыласын» – дей отырып, көпті көрген қариялардың аузынан жазылып алынған ай аттары қазіргі науырыздан бастап терең талданып, әрбір маусымдық атаудың мән-маңызын халықтық таным-түсінікпен тамырлас қарастыра келе кейінгі қазақша ай аттарының атауында қазақтың көшпелі өмірінен ауытқу байқалатындығы ел тұрмысымен нақты мысалдар арқылы дәлелденген. Мұның өзі заман өзгерісінің дәстүрлі танымға оң және кері әсерін танытатын мысалдар.

Мерзімді басылым беттеріндегі көшпелі өмір салтының көрсеткіші киіз үйге қатысты түрлі айтыс пен талқылауларда да алаш зиялылары белсенділік танытып, төрт түлік мал мен киіз үйдің қазақ өміріндегі мәнін жан-жақты ашып көрсетіп, отырықшылыққа көшудің жалаң ұран, зорлық жолымен емес, біртіндеп «мәдениетпен ғана үйренетін» ұзақ тарихи үрдіс екендігіне баса назар аудартқан. Халықтың ғасырлар бойғы тұрмысынан бірден айрылуы халықты «дертке ұшыратады» деп те жазған (Ақжол, 23 том: 240-243).

Бұл тұрғыда зиялылар мал шаруашылығындағы табиғаттың өсіріп бергенімен қанағаттанбай, оны жаңа бағытта дамытуға қатысты да ойларын жеткізіп отырған.

Аталмыш басылымдардағы жарияланған кейбір фольклор үлгілері арнайы айдармен емес, түрлі ішкі-сыртқы хабарлар мен қоғамдық шаралар жайлы ақпараттар мен әралуан шаруашылық істері жайлы материалдар аясында да жарияланып отырғаны байқалады. Мысалы, «Ақжолдың» 1921 жыл, 17 май, сейсенбі күнгі номерінде түрлі қаулы, жарлықтардың арасында «Танысқан қыздың жары» деген сыңсу үлгісінің ерекше бір үлгісі жарияланса, (Ақжол, 2015: 125-126) басқа мәселелердің қатарында «Қазақ мақалдарынан» деген атпен ел арасындағы мақал-мәтел үлгілері жарияланып тұрған.

Ұлт руханиятының барлық саласына бас-көз болып, жол көрсеткен Алаш зиялылары кез-келген өткізілген ойын-сауықтың мазмұнына дейін мән беріп, сауық кеш барысындағы халық әні мен салт-дәстүрдің орындалуының дәстүрлі сипатын сақтау мен тағлымдық мәнін жалғастыруды да қадағалап отырғаны байқалады. Әрбір өткізілген сауық кешіндегі ойнаушының рөлі, заттық атрибуттардың мәні жөніндегі пікірлері қазақ ұлттық театр өнері тарихына қажетті ой-пікірлер екені даусыз. «Біздің сауық кешін жарыққа шығарудағы асыл мақсатымыз: қазақ халқының өткендегі тұрмысын көз алдына сәулелендіріп келтіріп, тұрмыс жүзіндегі істерін айна арқылы көрсету...қазақ ойындарын көрем деп келген адамдардың көзіне шымылдықты ашып жібергенде көк орай шалғынға тігіп тастаған ақбоз үйлер жарқырап көрініп маңайындағы көлдерден, тұмалардан ұшқан құстар, көңілді көтеріп жіберетіндей болсын» – делінген «Сауық кештер туралы» дейтін мақалада.

Ал «Қазақша сауық кеші» дейтін мақалада Тәшкенттегі қырғыз-қазақ институтының оқушылары мен оқытушылары қойған Міржақып Дулатұлының «Балқия» драмасын талдай келе «осыған дейінгі көрсетілетін ойындардан ерекшелігі: қазақтың қалпына келмейтін оқиғаларды араластырмай, орыс пьесаларына еліктеуге тырыспаған» деп баға беруінен де көп жайтты аңғаруға болады.

Осы қойылымға қатысты тағы бір пікірде қойылымның жақсы жақтарын айта отырып, «Бірақ жеке «Жиырма бес», һәм «Ақ самал» деген қазақтың ескі әндерін салғанда, жай көзбен қарағанда өте жақсы дауыспен айтылған болса да, шын көзбен

қарағанда, әннің де өз рухтары жырғалып, ескі қазақ әндеріне ұқсаңқырамай кетеді. Оның олай болып шығуы меніңше, Европалықтардың яки Татарлардың оның айтушыларына еліктеп дауысты неше түрлі құбылтамын дегеннен. Бұл секілді ескі әндерге жаңалық кіргізбей-ақ, өзінің бұрынғы қалпында айтылса әннің маңызы, рухы жоғалмас еді хәм шын қазақ әні қандай екені көзге көрініп тұрар еді» – дейтін пікірлер мен ән мен өнердің эстетикалық қызметі (адам жанына әсері туралы) жайлы тұжырымдар сияқты өнертанушыларға ой түрткі боларлық құнды ойлар мол.

«Таң» журналында да «Жаман бақсының сарыны», «Берікбай бақсының сарыны», «Жеке би», «Ізбасты би», «Наурыз жайындағы өлеңдер», «Бөгенбай батыр өлгенде Үмбетей жыраудың Абылай ханға естірткен сөздері» т.б. фольклорлық үлгілер жарияланған.

Алаш зиялыларының қазақ даласына енген баспа мәдениетін халық жадына біртіндеп сіндіру ісінде де халық тілінің мол байлығын ұтымды пайдала білгендігі көрінеді. Оған газет-журналдардағы бірқатар мақалаларды халықтың өзіне етене мақал-мәтелдер атауымен беру арқылы оның ішкі мәніне назар аудартумен қоса тілді қолдануды кеңейту мен сақтаудың бір жолы болған деуге болады. Мысалы «Ақжол» газетінің түрлі сандарында «Жапырақ керек болса, түйе мойынын созады», «Құныққаннан дәнiккен жаман», «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ», «Әлі келмеген ақыретшіл», «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылды», «Аты бар да заты жоқ», – дейтін атаумен әлеуметтік, мәдени, қоғамдық мәселелерді көтерген мақалалар жарияланып отырған.

4. Зерттеу нәтижесі

Алаш қайраткерлері қазақ фольклорын халық тұрмысы мен тәжірибесінің терең тарихымен байланыстырып кең ауқымда кешенді түрде қарастырған. Оладың бұл жолды таңдауына өткен ғасыр басындағы ғылым деңгейінің дәрежесімен қоса ұлттық құндылыққа сырт саясаттан төнген қауіп себепкер болды деуге болады. Нәтижесінде ұлттық фольклор тарихындағы маңызды кезенді қалыптастырды.

– Ең алдымен, Алаш қайраткерлері қазақ фольклорын ана тілінің құнарлы қазынасы ретінде бағалап, ұлттық болмысты сақтаудың негізгі жолы деп ұқты.

– Екіншіден, фольклордың қоғамдық даму сипатына сай жаңғыратын жанды құбылыс ретіндегі мәнін терең ұғынып, халық мұрасының ғасырлардан жеткен маңызды құндылықтарын сақтай отырып, мәдениеті озық елдерден үйренудің ғылыми жолдарын негіздеді.

Үшіншіден, фольклорды халықтың сан ғасырлық өмір тәжірибесі мен тағлым-тәлімінің біртұтас жүйесі ретіндегі құндылық ретінде түйсінген алаш зиялылары фольклорды зерттеуде ғылыми мақала, жеке монографиялар жазу арқылы жанрлық тұрғыдан жіктеу, тарихилық мәселесін зерделеу мен халық тұрмысымен, тарихымен қабат қарастырудың алғашқы ғылыми тәжірибелерін қалыптастыру арқылы сол кезеңнің өзінде, қазақтың өзіндік болмыс-бітімі бар бірегей халық екендігін дәлелдей білді. Әрі халық мұрасын жинау, жариялау, зерттеу мәдениетінің алғы шарттарын қалыптастырды.

Төртіншіден, қазақ фольклортану ғылымының туып, қалыптасуында елеулі еңбек еткен қайраткерлердің, мысалы В.В.Радлов, Ә.Диваев, А.Байтұрсынов т.б,

еңбектеріне ғылыми баға беру арқылы фольклортану ғылымының тарихын танудың негізін салды.

Бесіншіден, жаңа заманғы жазба әдебиетіндегі фольклор рөлінің маңыздылығы жайлы алғашқы ғылыми ойларды негіздеп қана қоймай, оны үздік көркем шығармаларында шеберлікпен өрнектеу арқылы фольклор мен әдебиеттің ара байланысының маңыздылығын алғаш айқындады. Сонымен қатар қазақтың фольклорлық мұраларының Еуропа мәдениетінен ғана емес, туыстас түркі халықтарынан өз ерекшеліктерімен ажыратылатын құндылық екендігін танытатын салыстырулар арқылы ғылыми типологиялық зерттеулерге бағыт-бағдар ұсынды.

5. Қорытынды

Алаш қайраткерлерінің әрқайсының фольклорға қатысты еңбегінің өзі бір салмақты ғылыми талдауларға негіз боларлық салмақты құндылық. Ұсынылып отырған зерттеу мақалада санаулы көрнекті тұлғалар ғана талдау нысанына алынып, ең маңызды еңбектеріне талдау жасалды.

XX ғасыр басындағы фольклорға қатысты ізденістер алғашында қарқынды басталғанымен, саяси қысымнан кең өріс ала алмай, аясы тарылып, әртүрлі әдіс-айлаға көшкенімен, ақыры дегеніне жете алмады. Түрлі қоғамдық істердің аясында атқарған істерінің барлығы бірдей бізге толық мәлім болмағанымен, бүгінгі белгілі мұраларының өзінен-ақ өз заманындағы қоғамдық ортадан оқ бойы озықтығы айқын танылады. Әлемдік өркениет үрдісімен таныс тұлғалардың тиянақты тұжырымдары төл фольклорымыздың ғылыми тарихын толықтырудың алғы шартын жасап, Шоқан, Ыбырай салған ізді ғылыми тереңдікпен, заманауи жаңалықпен байытты.

Алаш қайраткерлерінің тарихи бағасын алуында тарихшы ғалымдардың еңбегі өте зор. Олардың Алаш қоғалысының өзін бірнеше кезеңге бөліп қарастырған пікірлері қайраткерлердің фольклорға қатысын зерделеуге де бағыт-бағдар бола алады. Әсіресе арыстарға орынсыз тағылған «ұлтшыл» дейтін айыптың мәні жайында: «Әлекеңнің қолданысындағы ұлтшылдық – бұл ұлттың жоғын түгендеуші, ұлтты ұйытушы және оны қалыптастырушы, оның мемлекеттілігін жаңғырту және оған ұлттың өзін ие ету» – дейтін ғалым М.Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2016) пікірінің ғылыми маңыздылығы жоғары. Алаш зиялыларының фольклорды жинау мен бастыру немесе зерттеу ісінде бірізділік болмай, бірде баяу, бірде қарқынды жүруінің өзі Алаш қозғалысының даму дәрежесіне, оларға жасалған қысым дәрежесіне байланысты болды. Алайда қандай сергелдеңге түссе де олар алған бағытынан айнымай табандылық танытты. Ойларын кең көлемде жүзеге асыра алмаған кезеңдерде газет-журналдарда мақала, жекелеген пікірлер, хаттар арқылы елмен байланысын үзбей, идеяларын таратты. Төлтума мұралар арқылы өткен тарихын түгендеп, ұлттың санасын көтерудің жолын ұсынған қайраткерлер көшпелі мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерінің негізін сақтай отырып, заман үдерісінен де құр қалмай дамудың жолдарын ұсынды.

Қазақ жұртының заман көшінен қалмай, өсіп-өркендеу ісінің барлық бағытында белсене бел жазбай қызмет ете жүріп, халық руханияты, соның ішінде халық мұрасы жайында күні бүгінге дейін өзекті мәселелерді ғылыми негіздей білген Алаш қайраткерлерінің еңбегі қазіргі жаһандану дәуіріндегі ұлттық ғылым үшін де мәртебелі маңызға ие.

Әдебиеттер:

1. «АҚ ЖОЛ». – Көптомдық. 1-том. / Х.Есенқарақызы – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 380 б.
2. Almasbek A. Absadyk a, Baktyly S. Boranbaeva b, Kabibek Mukhitov c, Dmitriy M. Legkiy.(2022) «The Newspaper “Kazak” and its Opponents in the Kazakh Society during the First World War // Published in the USA Bylye Gody Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028. 17(3): 1470-1481 DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470. Journal homepage: <https://bg.cherkasgu.press>
3. Әбдіқалық, К., Кожекеева, Б., & Алиева, Ж. «Айқап» пен «Қазақта» жарияланған Мағжан өлеңдеріндегі азаттық идея. «Керуен» ғылыми журналы, 77(4), 2022. – 98–108 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-08>
4. Әзібаева Б. Халел Досмұхамедұлы // Қазақ фольклортануының тарихы: ХҮІІІ – ХХІ ғасырдың басы. – Алматы: «Service Press, 2017 – 552 б.
5. Байтұрсынұлы А. Шығармалары алты томдық. 5-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
6. Бөкейхан Ә. Н. Таңдамалы / Ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы, 1995. – 323 б.
7. Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения. / құраст. Сұлтан Хан Жүсіп (Аққұлы). 6 томдық. – 3-том. – Астана: Сарыарқа, 2017. – 616 б
8. Бөкейхан. Ә. Таңдамалы. – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995.
9. Бөкейханов Ә. Тарих керек. Қызыл Қазақстан, 1922. – № 10. – 6-9 бб.
10. Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhayrov, Kulsun Abdrakhmanova. (2021) Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. Mankind Quarterly, 61(3), pp. 653-668. doi:10.46469/mq.2021.61.3.16, doi:10.46469/mq. Q 9.
11. Досмұхамедұлы Х. Аламан (Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер). – Алматы, 1991. – 234 б.
12. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана-тілі, 1992. – 160 б.
13. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы 1988. – 448 б.
14. Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан. 1996. – 240 б.
15. Қасқабасов С. ХХ ғасырдың басындағы қазақ фольклористикасы // 1988. – 345 б.
16. Сидельников В.М. Устное поэтическое творчество казахского народа // Библиографияческий указатель (1771–1966). – Алма-Ата, 1969. – 107 с.
17. Тынышбаев М. Қазақ халқының тарихы. – Қарағанды: Болашақ–Баспа, 2010. – 220 б.

References:

- 1.»Ak zhol». - Multithreaded.Volume 1. / Н. Yesenkarovna. – Almaty: publishing house» Kazinform», 2015. – 380 P. (In Kaz).
2. Almasbek A. Absadyk a, Baktyly S. Boranbaeva b, Kabibek Mukhitov c, Dmitriy M. Legkiy.(2022) «The Newspaper “Kazak” and its Opponents in the Kazakh Society during the First World War // Published in the USA Bylye Gody Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028. 17(3): 1470-1481 DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470. Journal homepage: <https://bg.cherkasgu.press> (In Eng).
3. Abdykalyk, K., Kozhekeeva, B., & Alieva, Z. (2022). The legacy of Magzhan Zhumabayev, published in the «Aikap» journal and the «Kazakh» newspaper. *The Scientific Journal “Keruen”*, 77(4), pp. 98–108. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-08> (In Kaz).
4. Azibayeva B. (2017) Khalel Dosmukhameduly // History of Kazakh folklore: the beginning of the XVIII – XXI centuries. – Almaty: «Service Press. – 552 p. (In Kaz).
5. Baitursynuly A. (2013) Works in six volumes. Volume 5. – Almaty: «El-shezhire». – 384 p. (In Kaz).
6. Bokeikhan A.N. (1995) Selected / Ed. R. Nurgaliyev. – Almaty. – 323 p. (In Kaz).
7. Bokeikhan A. (2017) Works. / comp. Sultan Khan Zhusup (Akkuly). In 6 volumes. – Volume 3. – Astana: Saryarka. – 616 p. (In Kaz).
8. Bokeikhan A. (1995) Selective. – Almaty, main editorial office of «Kazakh encyclopedia». (In Kaz).
9. Bokeikhanov, A. (1922) History is needed. Red Kazakhstan. – № 10. – pp. 6-9. (In Kaz).
10. Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhayrov, Kulsun Abdrakhmanova. (2021) Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. Mankind Quarterly, 61(3), 653-668. doi:10.46469/mq.2021.61.3.16, doi:10.46469/mq. Q 9, 58-y percentile. (In Eng).
11. Dosmukhameduly Kh. (1991) Alaman (words from the Kazakh literature of the country). – Almaty. – 234 p. (In Kaz).
12. Zhumabayev M. (1992) Pedagogy. – Almaty: native language. – 160 p. (In Kaz).
13. Zhumabaev M. (1988) Works: Poems, words of edification. – Almaty. – 448 p. (In Kaz).
14. Kemengeruly K. (1996) Selective. – Almaty: Kazakhstan. – 240 p. (In Kaz).
15. Kaskabasov S. (1988) Kazakh folkloristics at the beginning of the XX century. – 345 p. (In Kaz).
16. Sidelnikov V.M. (1969) Oral poetic creativity of the Kazakh people // Bibliographic index (1771-1966). – Alma-Ata. – 107 p. (In Rus).
17. Tynyshbayev M. (2010) History of the Kazakh people. – Karaganda: Bolashak-publishing house. – 220 p. (In Kaz).